



«Айшылық алыс жерлерден, жылдам хабар алғызған». Осынау сөз бала кезімізден құлағымызға сіністі болғаны әмбеге аян. Қандай қоғамда да байланыс саласының орны бөлек. Кеше «Дүниежүзілік пошта» күніне байланысты Қазалыдағы пошта байланыс торабында ерекше шара өтті. Жасыратыны жоқ, өз басым көп уақыттар бойы сырт қозғалысқа қатынасу қорығатын осынау іргелі мекеменің тыныс-тіршілігі туралы өзгеше пікірде болып келгенімді несіне жасырайын? Ашығын айтсам, мұндағылар газет-журнал таратып, уақыт өтсе болды деп жайбаракат жүретін қауым шығар деп ойлаушы едім. Пікірімнің мүлде ұшықары екенін ұжым мүшелерімен жақын араласа келе білдім. Бұл жер отыны мол жағылған қазандай бүрк-сарқ етіп тынымсыз қайнап жататын, түрлі бағытта жұмыс жүргізетін, жауапкершілігі мол ең маңсаз орта болып шықты. Оған қоса, әлденеше жылдан бері ұжымның тізгінін абыроймен ұстап отырған Жайлаубай Нұрбаев та - жұмыс десе жанып тұсетін, ортақ абырой жолында өзге тұрмақ, өзінен де темірдей тәртіпті талап ететін азамат.

Мұнтаздай пошта ғимаратының ауласында қолдарына күрек-кетпен ұстаған шоғырды қорып, жөн сұрадық. Мекеме басшысы Жайлаубай Маханұлы бұл ағымдағы жылы құрылғанына ширек ғасыр толған Қазақстан пошталының құрметіне ұйымдастырылған 25 мың түп тал егу республикалық акциясы аясындағы шара екенін жеткізді. Оздерінің қарбалас жұмыстарының арасында игілікті шаруадан қалыс қалмаған ауызбіршілігі мол ұжымға біз де табыс тіледік.

Мерекелік жиын барысында «Нұр Отан» партиясы Қазалы аудандық филиалы

торагасынын бірінші орынбасары Каскырбек Мәмбетжан пошта байланыс торабынын ұжымын тол мерекемен құттықтап, Жайлаубай Маханұлын, Салтанат Әскербек, Алияш Шманованы «Алғыс хатпен» марапаттап, сонғысына жана үлгідегі партия билетін тапсырды. Ал мекеме басшысы Ж.Нұрбаев болса, бас маман Диляра Махамбетова мен хат тасушы Кенжегүл Калиланы облыстық филал директорынын мадақтамасымен марапаттады. Жиын барысында «Қазпошта» АҚ облыстық филиалы қауіпсіздік секторынын бастығы Қабланбек Әбдіраманов, аталмыш сектордын бас маманы Бакыт Сикымов оздерінін ақ ниеттерін жолдады.

Мерекелік шарадан сон откен семинарда «Қазпошта» АҚ облыстық филиалы қауіпсіздік секторынын бастығы Қабланбек Әбдіраманов жиналғандар алдында «Сыбайлас жемқорлықтын қоғамға тигізер зияны және алдын алу», озге де тақырыптар бойынша құнды деректерден бейнебаянмен үзінді келтіре отырып, хабарлама жасады. Семинарға қатысушылар тарапынан қойылған сауалдарға жан-жақты жауап қайтарды.

Жұмабек Табынбаев,

Қазалы ауданы